Әділет

# Алматы қаласының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі ережені, комиссияның құрамын бекіту және жаңадан тұрғызылған ескерткіштерге жергілікті маңыздағы тарих мәдениет ескерткіштері мәртебесін беру туралы

***Күшін жойған***

II сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XII сессиясының 2001 жылғы 26 қыркүйектегі шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2001 жылғы 3 қазанда N 391 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXX сессиясының 2010 жылғы 24 қыркүйектегі шешімімен.

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXX сессиясының 2010 жылғы 24 қыркүйектегі шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N 242-II "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Заңының 22-ші бабына 1 тармағының 4 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 1 шілдедегі N 258-I "Алматы қаласының айрықша мәртебесі туралы" Заңының 3-ші бабының 4-ші тармағына сәйкес II-ші сайланған Алматы қаласының Мәслихаты шешім қабылдады:

1. Бекітілсін:

- Алматы қаласының тарихи-мәдени ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссия туралы ереже, N 1 қосымша;
- Алматы қаласының тарихи-мәдени ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссиясының құрамы, N 2 қосымша;
- Жаңадан тұрғызылған ескерткіштерге жергілікті маңыздағы тарихи-мәдени ескерткіштер мәртебесі берілсін, N 3 қосымша.

2. Алматы қаласының әкіміне Алматы қаласының мәдениет басқармасына ескерткіштерді сақтап ұстауға және тарихи-мәдени мұраны есепке алу, пайдалану мен қорғау№жөніндегі қосымша штаттық бірлік бөлу мүмкіндігін қарастыруға ұсыным жасалсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау қоғамдық келісім және рухани даму мәселелері бойынша тұрақты комиссиясына (А.Ж.Байсарина) және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Ж.Ыбыраевқа жүктелсін.

*II-ші сайланған Алматы қаласы Мәслихатының XII-ші сессиясының төрағасы*

*II-ші сайланған Алматы қаласы Мәслихатының хатшысы*

II-ші шақырылған Алматы қалалық Мәслихатының XII-ші сессиясының 26.09.2001 ж. шешіміне N 1 қосымша

**Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау қалалық комиссиясы туралы қағида**

## 1. Жалпы қағида

1. Алматы қаласының тарихи-мәдени ескерткіштерін қорғау комиссиясы (бұдан былай Комиссия) қалалық әкімшілік жанындағы Алматы қаласының тарихи-мәдени ескерткіштерін қорғау мен күтуді қамтамасыз ету мақсатындағы іс-әрекеттерді жүзеге асыратын кеңесші ұйым болып табылады.

2. Комиссия өзінің іс-әрекетін Қазақстан Республикасының 1992 ж. 2 маусымдағы N 1488-XII "Тарихи-мәдени мұраны қорғау мен пайдалану туралы", 1996 жылдың 24 желтоқсанындағы N 56-I "Мәдениет туралы", 1998 жылдың 1 шілдесіндегі N 258-1 "Алматы қаласының айрықша мәртебесі туралы" және 2001 жылдың 16 шілдесіндегі N 242-II "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Заңдарына, Алматы қаласының өкілетті және атқарушы органдарының нормативті-құқықтық актілеріне, Қазақстан Республикасының басқа да заңдарына сәйкес және осы қағидаға байланыстыра жүзеге асырады.

## II. Комиссияның негізгі міндеттері мен өкілеттігі

3. Комиссия жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың карауына төмендегідей ұсыныстар береді:

1) тарихи-мәдени мұра объектілерін айқындау, есепке алу, қорғау, жаңғырту

мен пайдалануға;

2) тарих және мәдениет құндылықтарына республикалық және жергілікті мәні бар тарихи-мәдени ескерткіш статусын белгілеуге;

3) жылжымайтын тарихи-мәдени ескерткіштерді өзгерту мен ауыстыру, түбегейлі жою мәселелеріне;

4) ескерткіштердің барлық түрінің сақталуына қауіп төндіретін іс-әрекетке тыйым салуға;

5) объектілерді республикалық және жергілікті мәні бар тарихи-мәдени ескерткіштер тізімінен шығаруға;

6) қаланың экономикалық және әлеуметтік даму жоспарына республикалық және жергілікті мәні бар ескерткіштерді есепке алу, қорғау мен жаңғыртуға бағытталған жұмыстарды енгізу үшін іс-шаралар әзірлеуге;

7) тарихи-мәдени ескерткіш болып табылатын мемлекет меншігіндегі ғимараттар мен үйлерді пайдалануға беруге;

8) қаланы егжей-тегжейлі жоспарлау, салу және қайта жаңғыртудың жобаларын әзірленген және бекіткен кезде тарихи-мәдени ескерткіштердің барлық түрлерін зерделеуге, қорғауға арналған іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге;

9) тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау, күту және пайдаланудағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын мемлекеттік бағдарламалар әзірлеуге;

10) тарихи-мәдени ескерткіштерге қандай-да болмасын зерттеулер жүргізуге, жобалау және жаңғырту жұмыстарын жүргізуге;

11) сәулеттік, қала құрылыстық және құрылыстық іс-әрекеттер жүргізілуге болмайтынын немесе шектелетіндігін айрықша реттейтін шекара белгілеуге.

4. Комиссия Қазақстан Республикасы Заңдарымен белгіленген тәртіп және оның құзырына енетін мәселелер бойынша төмендегідей құқыққа ие:

1) тиесілі органдарға қаладағы тарихи-мәдени ескерткіштердің сақталуына байланысты мәселелер жөніндегі кепілдеме енгізу;

2) тарихи, археологиялық, сәулеттік ғимараттар мен ескерткіштерді жөндеу, жаңғырту, қайта жаңарту кезінде мекемелермен кеңес беру жұмыстарын жүргізу;

3) заң орындарынан және жеке адамдардан Комиссияның құзырына жататын қажетті ақпарат алуға;

4) Комиссия мәжілістерінде тарихи-мәдени мұраны пайдалану мен қорғау мәселелері бойынша жергілікті ұйымдар мен органдардың жауапты өкілдерін, қаланың жұмыс және сарапшы топтарын тыңдауға.

## III. Комиссияның іс-әрекетін ұйымдастыру

1. Комиссияның мәжілісі қажет деп табылған кезде өткізіліп, және оған оның барлық мүшесінің 2/3 бөлігі қатысқанда ғана құқықты деп табылады.

2. Комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданып, және оған көпшілік дауыс бергенде ғана қабылданған болып саналады.

3. Дауыстар тең болған жағдайда комиссияның төрағасы дауысын берген шешім ғана қабылданған болып саналады. Комиссия мүшелері ерекше көзқарасқа құқылы, егер олай болған жағдайда, жазба түрінде болуы шарт.

Комиссия мәжілісінің қорытындысы бойынша, мәжіліске қатысқан оның мүшелерінің қолы қойылған хаттама жазылады. Орган мәжілісте қаралған барлық құжаттар мен мәліметтер қосымша беріледі.

4. Комиссияның жұмыс органы - қаланың мәдениет басқармасы.

*II-ші сайланған Алматы қаласы Мәслихатының XII-ші сессиясының төрағасы*

*II-ші сайланған Алматы қаласы Мәслихатының хатшысы*

II-ші шақырылған Алматы қалалық Мәслихатының XII-ші сессиясының 26.09.2001 ж. шешіміне N 2 қосымша

**Алматы қаласы тарихи-мәдени ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссияның ҚҰРАМЫ**

```
----------------------------------------------------------------
1.! Ыбыраев Әділ Жүнісұлы          !- Комиссияның төрағасы,
  !                                ! Алматы қаласы әкімінің
                          орынбасары
----------------------------------------------------------------
2.!Баймағамбетов Сұлтан Қабиұлы  !- Комиссия төрағасының орынбасары,
  !                              ! Сәулет және қала құрылысы
  !                              ! Департаментінің бастығы
----------------------------------------------------------------
3.!¶Меңдіғалиев Мұсағали         !- Комиссия төрағасының орынбасары,
  ! Меңдіғалиұлы                 ! қалалық N 3 емхананың бас
                                   дәрігері,
```

! ! Алматы қалалық Мәслихатының
! ! депутаты----------------------------------------------------------
- - - - -
4.! Үмбетов Батырхан !- Комиссия хатшысы,
! Әбдрахманұлы ! Білім, ғылым және мәдениет бөлімінің
! ! бас маманы----------------------------------------------------------
--------
Комиссия мүшелері---------------------------------------------------------------
5.! Әшімов Бәйкен Әшімұлы !- қалалық Ағалар алқасының төрағасы,
! ! Еңбек Ері----------------------------------------------------------
------
6.! Сүлейменов Темір Бимашұлы !- ҚР Дизайнерлер Одағының Президенті,
! ! ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері----------------------------------------------------------
- - - - - -
7.! Сығаев Әшірбек Төребекұлы !- Т.Жүргенов атындағы өнер
! ! Академиясының профессоры, ҚР еңбек
! ! сіңірген өнер қайраткері------------------------------------------
- - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - -
8.! Ниязбеков Шәкен Оңласынұлы !- қаланың бас суретшісі, ҚР халық
! ! суретшісі----------------------------------------------------------
----- 9.! Ордабаев Алмас Баймаханұлы !- ҚР Дизайнерлер Одағының І-ші
! ! вице-президенті--------------------------------------------------
-------------10.! Абжіғалиев Серік !- ҚРҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология
! ! институтының бөлім
! ! меңгерушісі, тарих ғылымының докторы,
! ! профессор----------------------------------------------------------
------11.! Телжанов Қанапия !- СССР халық суретшісі,
! Темірболатұлы ! ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
! ! академик----------------------------------------------------------
-----

12.! Рүстембеков Ақмырза Исаұлы !- ҚР сәулетшілер Одағының президенті-------------------------------------------------------------
------13.! Уәлиханов Шота Ыдырысұлы !- ҚР еңбек сіңірген сәулетшісі, ҚР !
! мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ! !
тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау
! ! қоғамының төрағасы-----------------------------------------------------
--------------------14.! Машович Альберт Аронович !- суретші-монументалист----
-----------------------------------------------------------------

15.! Сұртаев Серік Мамытбекұлы !- Республикалық материалдық мәдени !
! ескерткіштерді ғылыми-зерттеу жобалау
! ! институтының директоры-------------------------------------------------
-------------------------

16.! Байпақов Карл Молдахметұлы !- ҰҒА-ның Ә.Марғұлан атындағы
! ! археология және этнография
! ! институтының директоры, тарих және
! ! археология ғалымдарының докторы------------------------------
-------------------------------------

*II-ші сайланған Алматы қаласы Мәслихатының XII-ші сессиясының төрағасы*

*II-ші сайланған Алматы қаласы Мәслихатының хатшысы*

II-ші шақырылған
Алматы қалалық Мәслихатының
XII-ші сессиясының
26.09.2001 ж.
шешіміне N 3 қосымша

**Алматы қаласында тұрғызылған ескерткіштер тізбегі**

-------------------------------------------------------------------

Ескерткіш атауы ! Түрі ! Авторы !Тұрғызылған!Орнатылған
! ! !уақыты !орны

-------------------------------------------------------------------

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметованың ескерткіші | Алып-ескерт-кіш өнері | мүсінші: Қ.Сатыбалдин; сәулетші: В.Сидоров | 1997 | Төле би көшесі, Астана алаңының қарсысы |
| 2. Сәбит Мұқановтың мүсін-ескерткіші | / - / | сәулетші: Т.Жанызбеков | 2000 | Сәбит Мұқанов көшесі, Төле би көшесінің қиылысы |
| 3. Тәуелсіздік алып ескерткіші | / - / | Шығармашылық ұжымның басшысы Ш.Уәлиханов; мүсінші: Д.Жұмабаев, Н.Далбаев, А.Боярлин, М.Мансұров, Қ.Сұраншиев, Қ.Сатыбалдин, Сәулетші: Қ.Монтахаев | 1996-1998 | Республика алаңы |
| 4. Қаныш Сәтпаев ескерткіші | / - / | Мүсінші: Т.Досмағамбетов; сәулетші: А.Қайнарбаев | 1999 | Қаныш Сәтпаев көшесі, Байтұрсынов көшесінің қиылысы |
| 5. Жамбыл Жабаев ескерткіші | / - / | Мүсінші: Б.Әбішев; сәулетші: Т.Ералиев, С.Баймағамбетов, С.Фазылов | 1996 | Достық даңғылы, Искра кинотеатры-ның алды |

6. Александр Пушкиннің ! / - / !Мүсінші: !1999 !Қазақстан
мүсін-ескерткіші ! !А.Бючугов; ! !Республикасы
! !сәулетші: ! !Ғылым
! !А.Ачугов, ! !Академиясы
! !Т.Ералиев ! !ғимаратының
! ! ! !шығыс жақ
! ! ! !беті
-----------------------------------------------------------------------
7. Тарас Шевченконың ! / - / ! Мүсінші: !2000 !Шевченко
ескерткіші ! ! В.Рожин ! !көшесі,
! ! ! !Достық
! ! ! !даңғылының
! ! ! !қиылысы
-----------------------------------------------------------------------
8. Абылайхан ескерткіші ! / - / ! Мүсінші: !2000 !Алматы-II
! ! Қ.Сатыбалдин; ! !станциясы
! ! сәулетші: ! !вокзалының
! ! Т.Ералиев, ! !алдындағы
! ! С.Баймағамбетов! !алаң
-----------------------------------------------------------------------

*II-ші сайланған Алматы қаласы Мәслихатының XII-ші сессиясының төрағасы*

*II-ші сайланған Алматы қаласы Мәслихатының хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК